# Қазақстан Республикасының Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының "Үштігі" құрамындағы және қазіргі Төрағасы лауазымындағы қызметінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 149 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2009 - 2011 жылдары Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) "Үштігі" жұмысына қатысуының және 2010 жылы ЕҚЫҰ Төрағасы лауазымындағы қызметінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының "Үштігі" құрамындағы және қазіргі Төрағасы лауазымында 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарда көзделген іс-шараларды және Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне байланысты өзге де міндеттерді орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) әр тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-күніне Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Жоспардың орындалу барысы және Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне байланысты өзге де міндеттер туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ведомствоаралық комиссия құру жөнінде ұсыныс енгізсін;

2) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы тоқсан сайын жиынтық ақпарат берсін;

3) ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің, оның Хатшылығының және институттарының қосымша сұрау салуынан туындайтын жаңа міндеттер туралы олардың келіп түсуіне қарай Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарын хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 13 ақпандағы N 149 қаулысымен бекітілген

# Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының "Үштігі" құрамындағы және ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы Лауазымындағы 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р / с N | Іс-шара | Өткізу орны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **2009 жыл. ЕҚЫҰ "Үштігі" құрамындағы іс-шаралар** | | | | |
| 1. | ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздіктің әскери емес аспектілері саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қосымша іс-шаралары (конференциялар, семинарлар) | Вена немесе келісім бойынша | ІІМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), СІМ | Жылына бес рет (келісім бойынша) |
| 2. | ЕҚЫҰ тақырыбы бойынша "Қазақстан достарының тобы" дөңгелек үстел отырыстары | Астана немесе келісім бойынша | СІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ, Қорғанысмині, ЭБЖМ, Қаржымині, ККМ, Қоршағанортамині, АШМ | Жылына екі рет |
| 3. | Қазақстан өкілдерінің ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердегі сайлауды бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ миссияларына қатысуы | Келісім бойынша | ОСК (келісім бойынша), СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл ішінде |
| 4. | ЕҚЫҰ-ның ізгілік өлшем жөніндегі қосымша іс-шаралары (кеңестер, семинарлар) | Вена, Варшава немесе келісім бойынша | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Наурыз, мамыр, маусым, қараша |
| 5. | Сыртқы істер министрлері деңгейінде ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін ЕҚЫҰ "Үштігі" кеңесі | Вена немесе келісім бойынша | СІМ | Бірінші жартыжылдық |
| 6. | ЕҚЫҰ-ның көші-қон тақырыбы бойынша 17-ші экономикалық-экологиялық форумының бірінші бөлігі | Вена | Еңбекмині, ІІМ, СІМ | 19-20 қаңтар |
| 7. | ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" министрлерінің деңгейіндегі кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Қаңтар |
| 8. | Әскери-саяси өлшемдегі шешімдердің орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы кеңес (ОБЖК) | Вена | Қорғанысмині, СІМ | 3-4 наурыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | Киберқауіпсіздікті арттыруға ЕҚЫҰ-ның бәрін қамтушы ұстанымы жөніндегі семинар | Вена | ІІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), СІМ | 17-18 наурыз |
| 10. | ЕҚЫҰ-ның көші-қон тақырыбы бойынша 17-ші Экономикалық-экологиялық форумына дайындық конференциясы екінші бөлігі | Тирана | Еңбекмині, ІІМ, СІМ | Наурыз-сәуір |
| 11. | ЕҚЫҰ-ның көші-қон тақырыбы бойынша 17-ші Экономикалық-экологиялық форумының екінші бөлігі | Афины | Еңбекмині, ІІМ, СІМ | 18-20 мамыр |
| 12. | ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздікті шолу жөніндегі жыл сайынғы конференциясы (ҚШЖК) | Вена | СІМ, БП (келісім бойынша), Қорғанысмині, ІІМ, ҰҚК ( келісім бойынша) | Маусым |
| 13. | ЕҚЫҰ-ның Жерорта теңізі әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі тобының төзімділік тақырыбы бойынша қосымша семинары | Астана | СІМ, МАМ | Маусым-шілде |
| 14. | ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" министрлер деңгейіндегі кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Шілде |
| 15. | ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның адами өлшем саласындағы міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы конференциясы | Варшава | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Қыркүйек - қазан |
| 16. | ҚР төрағалығымен өтетін ЕҚЫҰ-ның Жерорта теңізі әріптестерімен ынтымақтастығы жөніндегі тобының жыл сайынғы семинары | Топқа мүше елдердің бірінің астанасы ( келісім бойынша) | СІМ | Қыркүйек - қараша |
| 17. | ЕҚЫҰ-ның 18-ші Экономикалық-экологиялық форумына бірінші дайындық конференциясы | Астана | Қоршағанортамині, АШМ, ИСМ, СІМ, ККМ | Желтоқсан |
| 18. | Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін "Үштік" кеңесі | Афины | СІМ | 30 қараша - 2 желтоқсан |
| 19. | ЕҚЫҰ-ның 17-ші СІМК | Афины | СІМ | 1-2 желтоқсан |
| **2010 жыл. ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы лауазымындағы іс-шаралар** | | | | |
| 20. | ЕҚЫҰ мен Еуропа кеңесінің ҚТ, Парламенттік ассамблеялардың Бас хатшылары мен төрағаларының қатысуымен 2+2/3+3 форматындағы жоғары деңгейдегі кеңестері | Страсбург, Астана немесе келісім бойынша | СІМ | Жылына бір-екі рет |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21. | ЕҚЫҰ-ның әскери емес қауіпсіздік аспектілері саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қосымша іс-шаралары (конференциялар, семинарлар) | Вена | ІІМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), СІМ | Жылына бес рет (келісім бойынша) |
| 22. | ҚТ-ның Солтүстік - Атлант Кеңесі және/ немесе Еуро-Атланттық Әріптестіктің шақыруы бойынша НАТО-да сөз сөйлеуі | Брюссель | СІМ | Жылына бір рет |
| 23. | ҚТ-ның ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерге ресми сапарлары, оның ішінде дала миссияларын инспекциялау, сондай-ақ ЕҚЫҰ институттарының және дала миссияларының басшыларымен жұмыс бабындағы кездесулері | Келісім бойынша | СІМ | Жыл ішінде |
| 24. | ҚТ-ның ТК мен ҚЫФ отырыстарына қатысуы | Вена | СІМ | Жыл ішінде |
| 25. | Қазақстан өкілдерінің ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердегі сайлауды қадағалау жөніндегі ЕҚЫҰ миссияларына қатысуы | Келісім бойынша | ОСК (келісім бойынша), СІМ , мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл ішінде |
| 26. | Төзімділік және мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық өзара түсіністікті дамыту саласындағы міндеттемелерді орындау бойынша ЕҚЫҰ Кеңесі шешімдерінің орындалуына шолу жөніндегі конференция (Алматы, 12-13 маусым, 2009 жыл.) | Астана немесе Алматы | СІМ, МАМ | Жыл ішінде |
| 27. | ЕҚЫҰ-ның ізгілік өлшем бойынша қосымша іс-шаралары (кеңестер, семинарлар) | Вена, Варшава немесе келісім бойынша | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Наурыз, мамыр, маусым, қараша |
| 28. | ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін сыртқы істер министрлер деңгейіндегі ЕҚЫҰ-ның "Үштігі" кеңесі | Вена немесе келісім бойынша | СІМ | Бірінші жартыжылдық |
| 29. | ЕҚЫҰ-ның ТК-де қазақстандық төрағалық етудің басымдықтарын ресми түрде таныстыру | Вена | СІМ | Қаңтардың екінші аптасы |
| 30. | БҰҰ-ның ҚК-де қазақстандық төрағалық етудің басымдықтарын ресми түрде таныстыру | Нью-Йорк | СІМ | Қаңтар |
| 31. | Еуропа Кеңесінде қазақстандық төрағалық етудің басымдықтары бағдарламасының ресми түрде таныстыру | Страсбург | СІМ | Қаңтар |
| 32. | ЕҚЫҰ-ның 18-ші Экономикалық-экологиялық форумының бірінші бөлігі | Вена | Қоршағанортамині, АШМ, ИСМ, СІМ, ККМ | Қаңтар |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33. | Министрлер деңгейіндегі ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Қаңтар |
| 34. | Әскери-саяси өлшемдегі шешімдердің орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы кеңес (ОБЖК) | Вена | СІМ, Қорғанысмині | Наурыз |
| 35. | ЕҚЫҰ-ның 18-ші Экономикалық-экологиялық форумына екінші бөлігі дайындық конференциясы | Келісім бойынша | Қоршағанортамині, АШМ, ИСМ, СІМ, ККМ | Наурыз - сәуір |
| 36. | ЕҚЫҰ-ның Азиялық әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі топтың жыл сайынғы конференциясы | Топқа мүше елдердің бірінің астанасында ( келісім бойынша) | СІМ | Сәуір - маусым |
| 37. | ЕҚЫҰ-ның 18-ші Экономикалық-экологиялық форумының екінші бөлігі | Прага | Қоршағанортамині, АШМ, ИСМ, СІМ, ККМ | Мамыр |
| 38. | ҚР төрағалығымен өтетін ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздікті шолу жөніндегі жыл сайынғы конференциясы (ҚШЖК) | Вена | СІМ, БП (келісім бойынша), Қорғанысмині, ІІМ, ҰҚК ( келісім бойынша) | Маусым |
| 39. | Министрлер деңгейіндегі ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Шілде |
| 40. | Қазақстандық төрағаның қатысуымен өтетін ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының жыл сайынғы сессиясы | Келісім бойынша | СІМ | Шілде |
| 41. | ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның адами өлшем саласындағы міндеттемелердің орындалудың бағалау жөніндегі жыл сайынғы конференциясы | Варшава | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Қыркүйек - қазан |
| 42. | ЕҚЫҰ-ның Жерорта теңізі әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі тобының жыл сайынғы семинары | Топқа мүше елдердің бірінің астанасында ( келісім бойынша) | СІМ | Қыркүйек - қараша |
| 43. | БҰҰ БА 65-ші сессиясының негізгі пікірталастары және БҰҰ ҚК мен өңірлік ұйымдардың тақырыптық пікірталастары | Нью-Йорк | СІМ | Қыркүйек - қараша |
| 44. | "Жеңіл және ату қару-жарағы туралы ЕҚЫҰ құжатын" қабылдаудың 10 жылдығына арналған іс-шара (2000 жыл .) | Вена | Қорғанысмині, СІМ | Қараша |
| 45. | ЕҚЫҰ-ның 19-ші Экономикалық-экологиялық форумының бірінші дайындық конференциясы | Келісім бойынша | Мүдделі мемлекеттік органдар, СІМ | Желтоқсан |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 46. | ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлер деңгейіндегі "Үштік" кеңесі | Астана | СІМ | Желтоқсан ( С І М К шеңберінде) |
| 47. | ЕҚЫҰ-ның 18-ші СІМК | Астана | СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар | Желтоқсан |
| **2011 жыл. ЕҚЫҰ "Үштігі" құрамындағы іс-шаралар** | | | | |
| 48. | Әскери емес қауіпсіздік аспектілері саласындағы ЕҚЫҰ-ның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қосымша іс-шаралары (конференциялар, семинарлар) | Келісім бойынша | ІІМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), СІМ | Жылына бес рет |
| 49. | Қазақстан өкілдерінің ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердегі сайлауды қадағалау жөніндегі ЕҚЫҰ-ның миссияларына қатысуы | Келісім бойынша | ОСК (келісім бойынша), СІМ , мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл ішінде |
| 50. | ЕҚЫҰ-ның ізгілік өлшем бойынша қосымша іс-шаралары (кеңестер, семинарлар) | Вена, Варшава немесе келісім бойынша | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Наурыз, мамыр, маусым, қараша |
| 51. | ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін сыртқы істер министрлері деңгейіндегі ЕҚЫҰ "Үштігінің" кеңесі | Вена немесе келісім бойынша | СІМ | Бірінші жартыжылдық |
| 52. | ЕҚЫҰ-ның 19-шы Экономикалық-экологиялық форумының бірінші бөлігі | Вена | Мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) | Қаңтар |
| 53. | ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" министрлер деңгейіндегі кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Қаңтар |
| 54. | Әскери-саяси өлшемдегі шешімдердің орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы кеңес (ОБЖК) | Вена | Қорғанысмині, СІМ | Наурыз |
| 55. | ЕҚЫҰ-ның 19-шы Экономикалық-экологиялық форумының екінші дайындық конференциясы | Келісім бойынша | Мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) | Наурыз - сәуір |
| 56. | ҚР төрағалығымен өтетін ЕҚЫҰ-ның азиялық әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі топтың жыл сайынғы конференциясы | Топқа мүше елдердің бірінің астанасында ( келісім бойынша) | СІМ | Сәуір - маусым |
| 57. | ЕҚЫҰ-ның 19-шы Экономикалық-экологиялық форумының екінші бөлігі | Прага | Мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) | Мамыр |
| 58. | ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздікті шолу жөніндегі жыл сайынғы конференциясы (ҚШЖК) | Вена | СІМ, БП (келісім бойынша), Қорғанысмині, ІІМ, ҰҚК ( келісім бойынша) | Маусым |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 59. | ЕҚЫҰ және ЕО "Үштіктерінің" министрлер деңгейіндегі кеңесі | Брюссель немесе келісім бойынша | СІМ | Шілде |
| 60. | ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның адами өлшем саласындағы міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы конференциясы | Варшава | СІМ, БП (келісім бойынша), ОСК (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині, ІІМ, Еңбекмині, БҒМ | Қыркүйек - қазан |
| 61. | ЕҚЫҰ-ның 20-шы Экономикалық-экологиялық форумының бірінші бөлігіне дайындық конференциясы | Келісім бойынша | Мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) | Желтоқсан |
| 62. | ЕҚЫҰ Бас хатшысының қатысуымен өтетін сыртқы істер министрлері деңгейіндегі ЕҚЫҰ "Үштігінің" кеңесі | Вильнюс | СІМ | Желтоқсан ( СІМК шеңберінде) |
| 63. | ЕҚЫҰ-ның 19-шы СІМК | Вильнюс | СІМ | Желтоқсан |

**Пайдаланылатын аббревиатуралардың тізімі:**

ЕҚЫҰ - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ҚТ - ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы
БҰҰ БА - Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы
БҰҰ ҚК - Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі
ЕО - Еуропалық Одақ
НАТО - Солтүстік Атлант Шарты ұйымы
ЕҚЫҰ ДИАҚБ - ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттары мен адам құқығы жөніндегі бюросы
СІМК - ЕҚЫҰ-ның Сыртқы істер министрлерінің кеңесі
ТК - ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесі
ҚЫФ - ЕҚЫҰ-ның Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі форумы
ҚР СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ҚР МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ҚР Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
ҚР ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ҚР Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ҚР ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация

министрлігі

ҚР Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҚР ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ҚР БП - Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы

ҚР ОСК - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

ҚР ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК